

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау

«Сырым ауданы әкімінің аппараты» ММ 2017 жылдың I жартыжылдығында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижесі туралы ақпарат

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жұмыс тобымен 2017 жылдың 18 қыркүйегі мен 22 қыркүйегі аралығында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізілген.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің жұмыс тобымен (одан әрі – жұмыс тобы) нормативтік құқықтық актілер зерделенді.

Атап айтсақ «Сырым ауданы әкімінің аппараты» қызметкерлері төмендегідей кодекс, заңдарды және нормативтік құқықтық актілерді жұмыс барысында пайдаланды.

«Қазақстан Республикасының Конституциясы», «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Құқықтық актілер туралы», «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы», «Мемлекеттік сатып алу туралы», «Ветеринария туралы», «Мемлекеттік көрсетілетін қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары, «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу қағидалары», Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2015 жылғы 18 желтоқсандағы №147 бұйрығымен бекітілген, «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасаудың және құжаттаманы басқарудың үлгілік қағидалары» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 22 желтоқсандағы №144 бұйрығымен бекітілген, «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметші лауазамына орналасуға арналған конкурсты өткізу қағидалары» Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2017 жылғы 21 ақпандағы №40 бұйрығымен бекітілген, «Мемлекеттік әкімшілік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану қағидалары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №152 Жарлығымен бекітілген, «Нормативтік құқықтық актілерді рәсімдеу, келісу, мемлекеттік тіркеу және олардың күшін жою қағидалары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 6 қазандағы №568 қаулысымен бекітілген, «Бюджеттің атқарылуы және оған қасалық қызмет көрсету ережесі туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №540 бұйрығымен бекітілген, «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидалары» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы

«Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» №648 бұйрығы.

«Сырым ауданы әкімінің аппараты» ММ-сі қызметінің ішкі сыбайлас жемқорлыққа қарсы талдау жұмыстарына 2017 жылдың I жартыжылдығында келесі бағыттар кіреді:

Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысушылығы;

Аппараттың штат саны 15 бірлікті құрайды, соның ішінде 15 бірлік мемлекеттік қызметші. Сырым ауданы әкімінің аппаратындағы 15 әкімшілік мемлекеттік қызметшінің 13 мемлекеттік қызметші аттестадан өткен, 1 мемлекеттік қызметші мемлекеттік қызметке кіргеніне 6 ай мерзім толмауына және 1 мемлекеттік қызметші зейнеткерлік жасқа шығуына 1 жыл қалуына байланысты аттестациядан босатылған. Аттестация қорытындысымен 2 мемлекеттік лауазымын жоғарылатуға ұсынылған, қалған 11 мемлекеттік қызметші атқаратын лауазымына сәйкес келеді деген шешім қабылданған. Сырым ауданы әкімінің аппаратында 17 техникалық қызметші жұмыс жасайды.

2016 жылдың I жартыжылдығында мекемеде аудан әкімінің орынбасарының қабылдау бөлмесінің хатшысы 1 уақытша жұмыс орны (негізгі қызметкердің бала күтіміне байланысты демалыста болуы) босаған.

Кадр ауысушылығы тіркелмеген.

Мүдделер қақтығысы орын алмаған.

2016 жылдың I жартыжылдығында ауданда 54 мемлекеттік қызмет көрсету түрі бойынша өтініш қабылданған. Барлығы 14664 мемлекеттік қызмет көрсетілген. Қағаз түрінде – 9207, электронды портал арқылы және «е-лицензия» порталдары арқылы- 1334, мемлекеттік коорпарация арқылы- 1573 қызмет және қалған 2550 көрсетілген мемлекеттік қызмет баламалы түрде болғаны мен тікелей көрсетілген. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру барысында мемлекеттік қызмет көрсететін дербес бөлімдер және ауылдық округ әкімі аппараттарының жауапты мамандарымен 2 семинар, 3 дөңгелек үстел өткен. «Сырым елі» қоғамдық –саяси газетінде 4 мақала, аудан әкімдігінің ресми интернет ресурсында 1 мақала жарияланды.

2017 жылдың I жартыжылдығында ауданда 5501 мемлекеттік қызмет көрсетілген. Соның ішінде қағаз түрінде 1386, электронды үкімет веб-порталы және ХҚКО арқылы көрсету арқылы мүмкіндігі болсада, қағаз түрінде 2029, қызмет берушінің ақпараттық жүйесі арқылы электронды 2086, азаматтарға арналған үкімет мемлекеттік коорпарациясы арықылы 1306 мемлекеттік қызмет, 2 мемлекеттік қызмет мерзімі бұзылып көрсетілген.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тақырыбында 7 дөңгелек үстел өткізіліп, «Сырым елі» қоғамдық-саяси газетіне 10, аудан әкімдігінің ресми интернет ресурсында 10 мақала жарияланған.

Сырым ауданы әкімі аппаратының жалпы бөлімінде мекемеге келген хаттарды тіркеледі. Сырым ауданы әкімі аппараты аудан бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді бақылау функциясын жүзеге асырады. Рұқсат беру функциясы жоқ.

